

б-нысан

Табиғи монополиялардың тиісті салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына ұсынылады.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Әкімшілік деректер нысаны www.economy.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Қарыздар бойынша пайда болған міндеттемелерді нақты төлеу туралы мәліметтер

Есепті кезең 20__ жыл.

Әкімшілік деректер нысанының индексі: ҚНТ-1

Кезең: тоқсандық

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: табиғи монополиялар субъектілері

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: – тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күніне дейін

Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан		
Төлем бойынша міндеттемелер:	Мың \$*						
	Миллион теңге*						
Кредиттер үшін пайыздар	Мың \$*						
	Миллион теңге*						
Комиссиялық төлемақылар, сыйлықақылар және тағы басқа	Мың \$*						
	Миллион теңге*						
Қарыздың негізгі сомасы	Мың \$*						
	Миллион теңге*						
Резервтік қорға жіберілді	Мың \$*						
	Миллион теңге*						
Есепті кезең соңында резервтік қорда қаражаттың нақты болуы	Мың \$*						
	Миллион теңге*						

Жинақталған қаражатқа сыйақы есептеу сомалары	Мың \$*					
	Миллион теңге*					

Ескертпе:

* Егер қарыздар ұлттық валютада болған жағдайда, онда тек теңгемен төлемдер бойынша ақпарат жіберіледі. Егер қарыздар шетел валютасымен алынған жағдайда, онда ақпарат екі өлшемде: шетел валютасымен, алынған қарыздар бойынша міндеттемелерге төлемақының нақты бағамы бойынша ұлттық валютамен беріледі.

** АҚШ долларына теңгенің бағамын көрсету.

Ұйымның атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық

поштаның

мекенжайы

Орындаушының тегі және телефоны _____

Басшысы _____

(Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы

Күні 20 жылғы " ____ " _____

Әкімшілік деректерді
жинауға арналған б-нысанға
қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме Қарыздар бойынша пайда болған міндеттемелерді нақты төлеу туралы мәліметтер (индексі - ҚНТ-1, кезеңділігі: тоқсандық)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме табиғи монополиялар субъектілерінің (бұдан әрі – субъектілер) қарыздар бойынша пайда болған міндеттемелерді нақты төлеу туралы ақпаратты дайындауына арналған.

2. Көрсетілген ақпаратты инвестициялық бағдарламасы бар субъектілер тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күніне дейін қол жеткізілген нақты көрсеткіштерді құжаттамалық растай отырып және келісілген нұсқадан олар ауытқыған жағдайда себептерін түсіндіре отырып ұсынады.

3. Тарифтерге сыйақы төлеуге арналған шығындар және инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін кредиттер үшін негізгі борышты қайтару сомасы енгізіледі. Инвестициялық бағдарламаны іске асыру кезеңінде сыйақылар (кредиттер үшін пайыздар, комиссиялық төлемдер) мөлшерінің өзгеруіне және

алынған кредиттер бойынша негізгі борышты қайтару сомасына төмендету жағына ғана жол беріледі.

4. Шетел валютасында алынған кредиттер үшін сыйақылар мен негізгі борышты қайтару сомасы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының негізгі көрсеткіштері негізінде теңге бағамының шетел валютасына болжамды өзгеруі (инфляция) ескеріле отырып, тарифке енгізіледі.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-баған - сыйақы төлеуге арналған көрсеткіштердің атауы және уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы бекіткен нысан бойынша инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін кредиттер үшін негізгі борышты қайтару сомасы көрсетіледі.

6. 2-баған - көрсеткіштердің өлшем бірлігі көрсетіледі (егер қарыздар ұлттық валютада болған жағдайда, онда тек теңгемен төлемдер бойынша ақпарат жіберіледі. Егер қарыздар шетел валютасымен алынған жағдайда, онда ақпарат екі өлшемде: шетел валютасымен, алынған қарыздар бойынша міндеттемелерді төлеудің нақты бағамы бойынша ұлттық валютамен ұсынылады. Бұдан басқа, теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамы көрсетіледі).

7. 3-баған - тиісті жылдың тоқсандары бойынша сыйақылар төлеуге арналған көрсеткіштердің ақпараты және кредиттер үшін негізгі борышты қайтару сомасы көрсетіледі.